

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам)
акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының материалдары
2014 жылдың 25 ақпаны 10 сағат 30 минут**

Күн тәртібі:

Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Қоғам Жарғысының 11 бабының 11.1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес акционерлердің қарауына Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселе енгізіледі. Аталған өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның органдары: Қоғамның Басқармасы мен Директорлар кеңесінің «Самұрық-Қазынаның» Сатып алулар ережесінің талаптарына сәйкестік, қызметтің маңызды да басымдықты бағыттары (геология және геологиялық барлау) бойынша басқару, Қоғамның еншілес жіне бірлескен-бақыланатын компанияларына тікелей жедел, қайтарымды және ақылы негізде займдар (несиелер) беру мәселелері жөніндегі құзыретіне, сондай-ақ ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартымен (ҚЕХС) қолданылатын қаржылық құжаттар бөлігінде ұғынықтылықпен байланысты кейбір редакциялық түзетулерге қатысты.

Қоса беріліп отырған Қоғам Жарғысының жекелеме ережелерінің қолданылып жүрген редакциясы мен ұсынылып отырған жаңа редакциясының салыстырмалы кестесінде тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіздеме болып табылатын себептер мен жағдайлар туралы түсіндіру берілген.

Шешім:

- 1. Қоғамның Жарғысына ұсынылып отырған өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.**
- 2. Қоғамның Бас директоры (Басқарма төрағасы) А.А. Нұрсейітов осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.**

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы
акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының
шешімімен енгізілді
201__жылғы _____ хаттама**

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының
Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу**

1. «Қоғам қызметінің мақсаттары мен мәні» деген 3-тарауда:
3.2-тармақтың 54-2) тармақшасы мына төмендегі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
«Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарына өтемділік, мерзімдік және қайтарымдылық шарттарымен займдар (несиелер) ұсынып;»
2. «Директорлар кеңесі» деген 21-тарау:
12.2-тармақ мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:
«19-1) Жарғыға сәйкес атқарушы органның, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының құзырына жатқызылған мәселелерді қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерімен (оның ішінде көрсетілген органдар бекіткен ішкі құжаттар) айқындалған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;»
12.3-тармақтың 8) тармақшасының үшінші абзацындағы бірінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:
«Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің Қоғам Басқармасының төрағасы болып табылмайтын мүшесі басқарады.»
3. «Қоғамның басқармасы» деген 13-тарауда:
13.1-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«10) тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді ұзақ мерзімді сатып алудың жоспарын бекітеді;»
4. «Қаржылық есептілік, есеп жүргізу құжаттамасы және аудит» деген 16-тарауда:
16.6-тармақтағы «жылдық бухгалтерлік балансты, капиталдағы барлық өзгерістерді көрсететін есепті, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп пен пайда мен шығындар туралы есепті мерзімдерде,» деген сөздер «топтастырылған жылдық қаржылық есепті және аудиторлық есепті тәртіппен және мерзімдерде» деген сөздермен ауыстырылсын.

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**

А. Нұрсейітов

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсынысының салыстырмалы кестесі

Жарғының нормалары	Жарғының қолданыстағы редакциясы	Жарғыға өзгерістер мен толықтырулардың ұсынылып отырған редакциясы	Жарғыға өзгерістер мен толықтыруларға қатысты түсіндірулер
3.2-тармақ 54-2) тармақшаның 8-абзацы	жоқ	Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарына өтемді, мерзімдік және қайтарымды займдар (несиелер) ұсынып;	Қоғамның Директорлар кеңесінің тапсырмаларын ескеріп, «ҚазМұнайГаз» ҰК компаниялары тобының корпоративтік тәжірибесінің ізімен Қоғамның өз ЕТҰ және ББҰ-ларға өтемді, мерзімдік және қайтарымды займдар беруге мүмкіндігі болуы керек. Оған қоса, Самұрық-Қазынаның Сатып алу ережелеріне сәйкес, ЕТҰ мен ББҰ Қоғамнан ондай қызмет көрсетуді бір көзден сатып алуы 137-тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша ғана мүмкін болады, онда қызметтің осындай түрі Қоғамның Жарғысында көзделуі қажет. Толықтыру Қоғамның ЕТҰ және ББҰ-ға займдарды (несиелерді) Қоғамның өзі тікелей беруі мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында енгізіледі
12.2-тармақ 19-1) тармақша	жоқ	19-1) Жарғыға сәйкес атқарушы органның, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының құзырына жатқызылған мәселелерді қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерімен (оның ішінде көрсетілген органдар бекіткен ішкі құжаттар) айқындалған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;	АҚ туралы Заңның 53 бабының 2-тармағының 20) тармақшасына сәйкес, ДК-ның айрықша құзырына тек Заңмен және (немесе) қоғамның жарғысымен көзделген, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзырына жатқызылмаған мәселелер ғана жатқызылады, Осындай ереже Жарғының 12.1-тармағында да көрсетілген. Оған қоса, Жарғының 12.1-тармағында айтылған айрықша құзыретке жатқызылған мәселелер ДК-ның барлық уәкілеттіктерін, атап айтқанда: қазіргі кезде белсенді дамып келе жатқан ақпаратты ашу жөніндегі қолданбалы заңнаманың талаптарын, жекелеген өкілетті органдардың және биржаның реттеуші талаптарын, акционерлердің жалпы жиналысының және ДК-ның тапсырмаларын орындауды толық мөлшерде ескермейді. Соған байланысты, АҚ туралы Заңның аталған нормасының талаптарына жауап беретін ұсынылған жалпылама дәйектеме Қоғам ДК-ның оған заңнамамен көзделген мүмкіндіктерінің шегінде толық әрі тиімді жұмысын қамтамасыз етеді
12.3-тармақ 8) тармақшаның 3-абзацына 1-сөйлем	директорлар кеңесінің комитетін директорлар кеңесінің мүшесі басқарады	Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің <u>Қоғам Басқармасының төрағасы болып табылмайтын мүшесі</u> басқарады.	ҚР «Қазақстан Республикасының зейнеткерлік қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 21.06.2013ж. Заңының 27-тармағымен енгізілген өзгерістерге сәйкес ҚР «Акционерлік

			қоғамдар туралы» Заңының 53-1 бабының 3-тармағына енгізілген өзгерістерге сәйкестендіру
13.1-тармақ 10) тармақша	10) Қоғамның жоспарланған кезеңге арналған сатып алу жоспарын мақұлдайды	10) тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді ұзақ мерзімді сатып алудың жоспарын бекітеді	Самұрық-Қазынаның Сатып алу ережелерінің талаптарына (9 және 10 тармақтар) сәйкестендіру
16.6-тармақ	Қоғам жыл сайын Жарғының 10.16-тармағында көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдарында жылдық бухгалтерлік балансты, капиталдағы барлық өзгерістерді көрсететін есепті, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп пен пайда мен шығындар туралы есепті құзыретті орган белгілеген мерзімдерде жариялауға міндетті	Қоғам жыл сайын Жарғының 10.16-тармағында көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдарында <u>топтастырылған жылдық қаржылық есепті және аудиторлық есепті</u> құзыретті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде жариялауға міндетті.	Тармақтың тұжырымдамасы ҚЕХС бірыңғай ұғылым аппаратын (мысалы, «жылдық бухгалтерлік баланс» ҚЕХС-та «қаржылық жағдай туралы есеп» деп аталады, ал «пайда мен шығындар туралы есеп» - «жиынтық кіріс туралы есеп») пайдалану қажеттігі ескеріле отырып, ҚР АҚ туралы Заңның 76 бабының 4-тармағының нормасына сәйкес келтірілген, бұл ретте қаржылық есептіліктің құрамын атап өтудің қажеттілігі жоқ.